

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Мустафина Толғанай Вагизовна

mustafina_tv@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Философия мамандығының

2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – академик, ф.ғ.д. Ж.Абдильдин

Адамзат тарихының дамуы әрбір ұлттың, әрбір халықтың өзін-өзі қалыптастырып, жетілдіруінде барынша өзіне ғана тән ерекшелікті алға тарта отырып, жүзеге асыруға тырысатындығын байқатуда. Бұл жайт әрбір халықтың тарихи сахнада өз орнын айғақтап, ғылым, мәдениет, өнерде өз ізін қалдыруға бағытталған қадаммен байланысты.

Өзін-өзі толыққанды қалыптастырып, жетілдіруге деген талпыныстар тарихта тоталитарлық режимдердің басым ықпалымен тежеліп те отырғаны көпшілігімізге мәлім. Ондай жүйеде өздігінше ойлау мен өмір сүруге деген талпыныстар жасанды бірігейлік пен жаппай ұқсастанумен алмастырылып келген. Алайда, ондай жасанды бірігейлік тоқырау мен жатсынуға әкеліп соққандығына да тарихымыздан куәміз. Қарама-қайшылықтардың бірігейлігінсіз дамудың жоқтығы, мәселелердің жемісті шешілмеуі белгілі. Олай болса, қарама-қайшылықтар арқылы даму үрдісі – табиғи үдеріс, азаматтық қоғам мен демократияшыл елдің қалыптасуының кепілі болмақ.

Мәселенің келесі бір қыры – қайшылықтарды шешуде бірін-бірі жоққа шығарып, қорлау мен зәбір етуден ада болып, қақтығыстарды ұтымды шеше білуде. Ол үшін халықтар, ұлттар, басқа да әлеуметтік топтар қарым-қатынасындағы шиеленістерді аша отырып, төл тарихымыздың қойнауындағы, сондай-ақ көпұлтты және поликонфессиялы өзге өркениетті елдердің шиеленіс жағдайларынан шығу тәжірибесін ескере отырып, пәрменді механизмдерді жүзеге асыру қажет.

Қиянат пен қиянатсыздық ұғымдары – өздерінің сыры мен қыры бар бірін-бірі қарама-қарсы түсініктер. Олар әуел бастан бірмен-бірі үйлесе алмайтыны шындық. Дегенмен, жеке тұлға, топтық, мемлекеттік-қоғамдық тұрғысынан күнделікті өмірде олар бірмен-бірі тығыз байланысты әрі бірін-бірі алмастырып та отырады [1].

Әлеуметтік субъект өмірінің әр түрлі деңгейінде қиянат пен қиянатсыздықтың алмасуын тоқтату туралы ойлар мен ізденістер зерттеушілердің назарында болатыны орынды жайт. Сондай-ақ, қиянатсыздық құндылығының өмірге барынша таралуы туралы ілімнің әлі де болса тиісті деңгейде қалыптаспай отырғандығына да назар аударған абзал.

Ойшылдыққа бейім адам санасында және әлеуметтік агрессия, қиянат феномендерін арнайы зерттеушілер тарапынан қиянаттың үнемі циклдік сипатта қайталанып отыратыны неліктен, бірін-бірі жау топтар арасында келісім мен бейбіт қатынастардың жүзеге асуы мүмкін бе, қиянаттың шырқау шыңына жеткен қанпезер соғыстар мен қантөгістерден кейін қалайша қоғамдық прогресс болуы мүмкін деген сияқты орынды сұрақтар үнемі қойылады.

Техникалық өркениет шеңберінде қиянатсыздық ілімі табиғи құбылыстардан адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесіне алмасуда. Қиянатсыздық стратегиясының алғышарттары өмірдің әлеуметтік, саяси, рухани салалары, жаһандық экологиялық мәселелерді шешу, қоғамның болашағын анықтайтын тарихи жолды таңдауда орын алады.

Кез келген қоғам үшін материалдық өндіріс, экономикалық даму мүмкіндіктері қажетті екені белгілі. Өндіріс тәсілдерінің белгілі бір дәрежеде мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылып отырғаны да анық. Өрескел де қатаң тәсілдердің құлиеленушілік қоғамында орын алғанын да тарихтан білеміз. Ондай қоғамда құлды барынша жазалап, тіпті өлтіріп салуға мүмкін еді. Феодалдық, капиталистік қоғамда да мәжбүрлеу нысандары орын алған. Мұны қажеттіліктер арқылы экономикалық мәжбүрлеу десек те болады. Адам жалпы мағынасында

ерікті болғанымен, өзінің еңбегі мен қабілеттерін өсіп-өну, тамақтану, даму сияқты қажеттіліктерін өтеу үшін сатуға мәжбүр.

Бірақ әр заманның өзінде құлдық та, феодалдық тәуелділік те, капиталистік қоғамдағы жатсынған еңбек те қиянат деп қарастырыла бермеген. Көпшілік үшін мұның бәрі орынды, заңды деп ақталғаны да бар. Тек қоғамның бір сатыдан келесі бір сатыға өтуі тұсында наразылық туындап отырған. Олай болса, «қиянат» дегеннің өзі қатып қалған түсінік емес. Қиянат деп негізсіз, әділетсіз мәжбүрлеуді ғана атауға болады. Тарихымыздағы дәуірлер де, жалпы өмір дегеннің өзі үнемі өзгеріп отырғандықтан, бір қоғамда әділетті деп қабылданған ұстанымдар келесі бір қоғамда басқа кезеңде орынсыз әрі мардымсыз болып қалуы әбден мүмкін.

Революция дегеннің өзін алып қарастырсақ, тарихта орын алған мұндай жайттар бір кездерде қоғамға сапалы өзгерістер әкелсе де, басым жағдайларда революция атаулының бәрі қиянат етумен жүзеге асырылып отырған.

Сондай-ақ, мемлекет тарапынан әлеуметтік эксперимент ретінде қоғамға рухани және материалдық тұрғыда мардымсыз, көпшіліктің қолдауын таппаған «идеалды модельдерді» күштеп ұсынуда да жатқызуға болады.

Қазіргі заманда қиянатсыздыққа негізделген әлеуметтік-саяси бастамалар, бағдарламалар әлемде сұранысқа ие болып жатыр. Бұл адамның құқықтарын, азаматтық еркіндігін қорғау, демократия құндылықтарын күшейту, геноцид, диктатураға қарсы пацифистік қозғалыстардың іс-әрекетімен байланысты. Дегенмен, бұл орайда мұның бәрі қаншалықты пәрменді деген риторикалық сұрақтың қойылуы да орынды. Дәл бүгін біздер сондай-ақ әлемде зұлымдық пен қиянаттың жаңаша түрлері, шеберлікпен жүзеге асырылып отырған зұлымдық нышандарын көріп те, бастан да кешіп отырған жоқпыз ба?

Қиянат атаулыны категория ретінде жеке тұлғаға, белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлттар мен ұлыстарға саналы түрде қолданылатын мәжбүрлеудің түрлі жолдары деп қарастырсақ, оның өзі тікелей, астыртын, делдалдық тұрғыда көрініс тауып, ашық, физикалық, психологиялық түрлері арқылы жүзеге асырылуы ықтимал. Тіпті қоғамдық өмірдегі механизмдер мен институттардың іс-әрекеттерінде тұспалдап орын алуы да мүмкін. Яғни, кез келген қиянат мәжбүрлеумен теңесетінін, бірақ әрбір мәжбүрлеу әрекеті қиянатқа жатпайтынын да түйіп алған орынды болмақ.

Мәжбүрлеу дегенде белгілі бір деңгейде еркіндіктің шектелуін ұйғарсақ, еркіндік дегеннің өзі еш уақытта шексіз болмайтыны белгілі. Әр уақытта да еркіндік дегеніміз өнегелік құндылықтарымен, құқықтық нормалармен, қоғамдық қажеттіліктерімен шектеліп отыратыны рас. Осыған орай, ойшыл Спиноза еркіндікті саналы қажеттілік деп анықтауға бел буған болар. Адам саналы түрде адамгершіліктің мәнділігін, қоғамның талаптары, ережелері мен заңдарын қабылдай отырып, өзінің іс-әрекетін, дамуын, жан-жақты жетілуін де жүзеге асыра бере алады. Олай болса, белгілі бір дәрежеде мәжбүрлеу деген керек-те болады. Бұл орайда философия тұрғысынан қиянатсыз мәжбүрлеу қаншалықты мүмкін деген сұрақ ойландырады. Зұлымдық атаулыны күшпен жою мүмкін бе? Адамзат баласы ары қарай қандай жолды тандайды: «қанға қан, жанға жан» әлде «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» ұстанымы басымдылыққа ие болар?

Әлбетте, мұндай сұрақтар ғасырлар бойы адамзат баласына қойылып келетін басты сауалдар ретінде толғандырады. Қиянатсыздықты негізгі мағынасында барлық тіршілік атаулыны, адам мен оның өмірін құндылық ретінде қарастыратын этикалық, өнегелік, идеологиялық қағидат деп анықтай отырып, қиянатсыздық ұстанымы арқылы қандай да болсын әлеуметтік, саяси, экономикалық, тұлғааралық, мемлекеттік және өзге де қатынастарда зұлым мәжбүрлеуді түбегейлі қабылдамайтын, мойындамайтын жол деп қарастыра аламыз. Адамдар бір-біріне күш көрсетпеу, ешкім ешкімді ерігінен тыс мәжбүрлемеген қатынастарда ғана қиянатсыздық орын алып отыр дей аламыз.

Өзге бір адамды тұлға деп қабылдап, оның көзқарасымен санасып, ерігіне, еркіндігіне тосқауыл болмай, құқықтарын мойындау, оның өзіне тән ерекшелігіне сәйкес өмір сүруге

мүмкіндікті шектемеу деген әрекеттер бірте-бірте қиянатсыздық қатынастардың кепіліне айналмақ.

Бүгінгі таңда қиянатсыздық этикасы бұған дейінгі замандармен салыстырғанда ерекше өзектілікке бөлініп отыр. Замануи өркениетіміздің дамуы белгілі бір шарықтау шегіне жеткендей-ақ. Бүгінгі таңда көрініс тауып отырған өзгерістердер соншалықты ауыспалы, тіпті кейбір ойшылдар тарапынан бұл жайттар адамзаттың тас дәуірінен темір дәуіріне өтумен теңестірілуде. Сондай-ақ, қиянатсыздық идеяларының өзектілігі әлемде орын алып отырған этноконфессиялық қайшылықтардың шиеленісумен де байланысты. Демократиялық қоғамда бұған дейін орын алып келген тыйымдар алынып салған кезде тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі жетілдіруі, этикалық нормалардың күштілігі ерекше маңызды болмақ. Әсіресе, жастар үшін мейрімділікті сақтай отырып, орын алуы ықтимал шиеленістерді қиянатсыз амал-тәсілдермен шеше білуге деген қабілеті мен іштей бейімділігі құнды факторға айналмақ [2].

Көпұлтты және поликонфессиялы мемлекет ретінде өзін орнықтырып, осы бағытта дамытып отырған еліміз Қазақстан үшін де қиянатсыздық мәдениетін дамыту күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Өзінің ұлттық ерекшелігін, рухани қабілеті мен қасиеттерін сақтай отырып, әлемдік өлшемдегі даму деңгейлерінде сәйкесінше қалыптасуды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2017 жылы жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтқан [3].

Әлеуметтік-мәдени жүйелердің әртүрлілігі, өмір сүру тәсілдерінің ерекшеліктері, әлеуметтік-саяси үдерістерді бір сарынмен қадағалаудың қиындығы бүгінгі әлемге тән болмыс. Бүгінгі болмысымыз конструктивті сұхбат жүргізе отырып, көптүрлі пікірлерді ескеру, шынайы өмірді объективті бағалай білуге зәру. Әлемнің түкпір-түкпірінде орын алып отырған әлеуметтік-саяси, ұлттық, діни қақтығыстардың қауіп-қасіреті мұны анық дәлелдеуде.

«Толернаттылық», «толерантты» деген ұғымдардың философия, әлеуметтану, саясаттану сынды көптеген ғылым салаларында кеңінен қолданылатынын білеміз. Түпкі тегі француз тілінде қалыптасқан бұл ұғым түсіндірме сөздіктерінде «төзімді» деген мағынада беріледі. Айталық, В.Даль сөздігінде толеранттылық деген ұғым кімде-кімді немесе бірденені ерігінен тыс емес, тек сыпайылықпен, мейірімділікпен төзу деген мағынаға қолданылады [4, 69].

Сондай-ақ, А.Гусейнов жетекшілігімен әзірлеген сөздікте категория ретінде төзімділік өзге адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін, наным-сенімдерін, ұстанымдарын, қызығушылықтарын ескеретін моральдік қасиет деп түсіндіріледі. Мұнда бұл қасиет арқылы әр түрлі пікірлердің орын алған жағдайында ешбір күштеусіз ымыраға келу мәселесі ұйғарылуда [5, 28].

Әлбетте, бұл анықтамаларды толыққанды деп алмасақ та, қоғамдық қатынастарда тұлғааралық байланыста маңызды әрі құнды ұстаным деп қарастыруға әбден лайық.

Жаһандық әлемге тән рухани дағдарысты айналып өтуді өзіне мақсат етіп отырған бүгінгі Қазақстан үшін де жас азаматтың, жалпы әрбір тұлғаның рухани тұрғыда дамуы, оның қиянатсыздық мәдениетіне бейімділігі маңызды болып табылады. Еліміз үшін дүниетанымы кең, толыққанды, санасы ашық, тілдік, географиялық, құқықтық, эстетикалық дамуы жетік тұлғалардың қалыптасуына бүгін барынша назар аударылып отыр. Мәселе бұл ұстанымдардың тәжірибе жүзінде қаншалықты дұрыс жүзеге асырылуында.

Аталмыш мәселелердің қазіргі таңда тиісінше шешілуі келесі мақсат-міндеттермен тұспа-тұс келеді:

- қоғамның, әсіресе, жастардың әдебиет, тарих, мәдениет құндылықтарымен жете таныс болуы. Әлемнің үздік туындыларының барлығы дерлік өмір сүру, ол өмірдің бейбіт өтуінің мәнділігін жан-жақты ашады. Төл мәдениетіміздің де туындыларының мағынасы адамды мейірімділікке бейімдеудің озық тәжірибелеріне толы.

- ел азаматтарының, әсіресе, жастар бойында отансүйгіштікті күшейту. Өз елін шын сүйген, мемлекетінің бейбіт өмір сүруін, дамуын қолдайтын адам өзге елмен

жауласпаудың, өзге халықтармен қақтығыспаудың, өзгені қорлаудың ешбір пайдасы жоқ екендігін ұғынады. Сәйкесінше, өз елін шынайы қадірлейтін адам өзгеге бірінші болып барып, соғыс ашудың мардымсыздығын санасымен қабылдай алады.

- адамгершілік деңгейінің әлемдегі өзге мәдени жүйелермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігін жүзеге асыратындай дәрежеде болуы қажет. Шынайы мейірімді де кең пейілді адам өзінің қоғамында ғана емес, барлық қоғамдарда мейірімді бола алады. Ал, егер адам өзінің ортасында ғана өнегелі болып, сыртқа шыққанда қиянатшыл, тәкаппарлық, тағы басқа кереғар мінез-құлықтарын танытса, оның адамгершілік деңгейі де күмәнді болып қалмақ.

Бір жағынан алып қарайтын болсақ, айтылған мәселелер өмірімізде жаңалық емес, күнделікті бұл үрдістердің жүзеге асырылып отырғаны да белгілі. Ескеретін жайт, әлемде діни, ұлттық құндылықтарды барынша өздерінің теріс пиғылдарына қолданылып отыратын күштердің іс-әрекеттері біздің қоғамымызды да айналып өтпей тұрғандығы көтерілген мәселелердің барлық салаларда өз тетіктерін тауып, күн ұзатпай пәрменді жүзеге асырылуын талап етуінде болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абдильдин Ж. М. Время и культура: размышления философа // Алматы, 2003 ж.
2. Антология ненасилия, «Бостон: Московский журнал» // Москва, 1992.
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
4. Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка: в 4 т. М., 1994. Т. 4.
5. Гусейнов, А. А. Этика / А. А. Гусейнов, Р. Т. Апресян. М., 1998.